ЖАҢАЛЫҚТАР

Францияда 100 мыңнан астам адам шеруге шықты

15 қараша 2026 жыл, 15:45



Францияда 14 қарашада өткен наразылық акцияларына Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 106 мың адам қатысқан. Ал акция ұйымдастырушылары — кәсіподақтар — қатысушылар саны 200 мыңға жеткенін айтады. Парижде шеруге шамамен 24 мың адам шыққан.

Француздар осымен бесінші сенбі қатарынан көшеге шығып, үкіметтен бюджет және әлеуметтік саясатты қайта қарауды талап етіп келеді. Олар қымбатшылыққа, баға өсуіне, білім беру мен әлеуметтік көмек сияқты мемлекеттік қызметтердің сапасына наразы. Одан бөлек, балалардың қауіпсіздігін күшейтіп, полиция зорлығына тосқауыл қоюды талап етеді.

Полицияның өкілетін кеңейту туралы заң жобасы да наразылық тудырып отыр. Егер заң қабылданса, полицияның қару қолдануы әдепкіде өзін-өзі қорғау әрекеті ретінде қарастырылуы мүмкін. Заңға қарсы шыққандар бұл полицейлерді өкілетін асыра пайдаланғаны үшін жауапқа тартуды қиындатады деп есептеп, жобаны «адам өлтіруге рұқсат беретін заң» деп атады.

Ел бойынша тәртіпті қадағалауға 70 мыңға жуық полицей жұмылдырылған. Парижде полиция мен шерушілер арасында бірнеше қақтығыс болды. Нант пен Бордода полиция көзден жас ағызатын газ қолданған, ал Лионда наразылық білдірушілер баррикада өртеген. Барлығы 121 адам ұсталды. Дегенмен Ішкі істер министрлігі шерулер жалпы алғанда тыныш өткенін мәлімдеді.

Франциядағы ең ірі CGT кәсіподағының бас хатшысы Карл Гази бір жарым ай бойы апта сайын өтіп жатқан шерулерден қоғамда наразылықтан шаршау байқала бастағанын мойындады. Оның айтуынша, мұны да ескеру қажет.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Европа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған